

## 4 | "WORLD SKILLS JAMBUL - 2022" ОБЛЫСТЫҚ КӘСІБИ ЖАРЫС



29.04.2022 ж. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" КММ ұйымдастыруымен "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК базасында "Медициналық және

әлеуметтік күтім" құзыреттілігі бойынша «WORLD SKILLS JAMBUL - 2022» облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. WorldSkills чемпионаты - бұл бүкіл әлемдегі жастар үшін кәсіби шеберлік байқауы. Конкурса қатысушылар ұлттық және/немесе аймақтық/құрлықтық чемпионаттарда жетістікке жетіп, біліктілікке ие болады. Жарысқа жас маман жақында кірген немесе білікті кіргісі келетін жастардың дағдылары мен қабілеттеріне бағытталған. WorldSkills-дағдылардың құндылығын көрсетеді және бүкіл әлемде білікті мамандардың танылуын арттырады. Бұл қозғалыстың мақсаты - кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту және мамандық мәртебесін ілгерілету, көтеруге негізделген. Миссия кәсіптік бағдарлау, кадрлар даярлау, сарапшылық қоғамдастықтарды қалыптастыру және еңбек өнімділігін арттыру тетіктерін қоса алғанда, халықаралық стандарттар негізінде техникалық кәсіптер бойынша өнеркәсіптің жоғары технологиялық салаларын кадрлармен қамтамасыз етуді қалыптастырудан тұрады.

Чемпионатта «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі» мамандығы бойынша "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК бітіруші топ студенттері Вердиева Р.М., Қырықбай Қ.А., және «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі студенттері Хожантаева Д.Р., Турсалиева А.Е. бақ сынасты. Чемпионат тапсырмалары пациенттердің қажеттіліктерін имитациялауға негізделген манипуляциялар мен емдік-профилактикалық іс-шараларды орындауды талап етіп, төмендегі аймақтарда орындалды:

- №1 аймақ-стационардағы күтім;
- №2 аймақ- күндізгі стационардағы күтім;
- №3 аймақ- үй-жағдайындағы күтім.


Қатысушылардың тәжірибелік дағдыларын Жамбыл облысының медициналық ұйымдарының бас мейіргерлері бағалады. Чемпионат нәжижесі бойынша 1 орынды Жамбыл жоғары медициналық колледжі ШЖҚ КМК студенті Қырықбай Қ.А., 2 орынды Вердиева Р.М., 3 орынды «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі студенті Турсалиева А.Е. иеленді. 1 орын иеленген қатысушы Қырықбай Қ.А. «WORLD SKILLS KAZAKHSTAN - 2022» республикалық чемпионатына қатысуға жолдама алды.

## 5 | САЙЫС



09.04.2022ж. Колледжде Медициналық дағдыларды жетілдіру және студенттер қызығушылығын арттыру мақсатында "Birikken Medicina Jastary" ұйымы ұйымдастырған 1 курс арасында "Медицина әлемі"

атты сайыс өткізілді. Барлық студенттер дипломмен марапатталды



27.04.2022ж. Колледждің жастар ісі жөніндегі құрылымы "Birikken Medicina Jastary" қозғалысының ұйымдастыруымен курстар арасында, көне медицина тәсілдерін көрсету, медицина

дағдыларын жетілдіру мақсатында "Ата-дәстүр-2022" интеллектуалды сайыс өткізілді. Жұлде иегерлері: Бас жұлде: 110 топ студенттері Бабалы К., Құдиярбек А. (Орыс ұлты); 1 орын: 110 топ студенттері Бекбосын С., Қалмаханбет Е. (Қытай ұлты); 2 орын: 124 топ студенттері Аязбек К., Бектемір Е. (Қазақ ұлты) 3 орын: 114 топ студенттері Омарова М., Махсетбаева А.

## 6 | ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



23.04.2022 ж. №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлықпен күрес - баянды болашақтың кепілі» тақырыбында

дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел мақсаты: жастарды адал жолмен жүруге, адалдыққа және әділдікке тәрбиелеу. Студенттерге сыбайлас жемқорлық туралы мағлұматтар бере отырып, 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңын» насихаттау.

## 7 | АШЫҚ ЕСІК КҮНІ




11.04.2022 ж. Колледжде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен ашық есік күні өткізілді. Ашық есік күніне Жамбыл облысы білім басқармасының "Соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық

"Болашақ" арнайы мектеп - интернаты" комуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушылары келіп, колледждің тыныс тіршілігімен танысты.



## 8 | ИГІ ІС-ШАРА



10.04.2022 ж. Колледждің жастар ісі жөніндегі құрылымның студенттік парламентінің студенттерінің ұйымдастыруымен

рамазан айына орай, теміржол, көлік тұрақтарының жолаушыларына ауыз ашар уақытына сай құрма мен су таратылды



15.04.2022ж. Колледждің жастар ісі жөніндегі құрылымы "Birikken Medicina Jastary" жас медицина мамандары Қарттар үйіне көмек беріп қайтты.

## 9 | КЕЗДЕСУ



13.04.2022 ж. Колледжде Рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша, «Көрікті ойдан – көркем сөз» тақырыбында студенттермен «Coworking»

орталығында кездесу өткізілді. Мақсаты: Студенттердің қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, адамгершіліктері жоғары, кішіпейілділік, қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттерін бойына кітап арқылы баулу. Жауапты: әлеуметтік педагог Буксукбаева А.А.



18.04.2022ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен колледжде «Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығы» тақырыбында А.Б Абдуалиеваның

қатысуымен дәріс өткізілді. Мақсаты: Студенттерге ерте жастағы жыныстық қатынастың зияны және жүктіліктің алдын алу жолдарын түсіндіру сонымен қатар гигиеналық тазалыққа баса көңіл бөлу жайында ашып түсіндірді. 1 курс студенттері гинеколог дәрігерге көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды, өз сұрақтарына толықтай жауаптарын алды. Жауаптылар: колледж психологы: А.М Божбанбаева, Ж.Б Жетпісбаева «Балауса» - қыздар клубының жетекшісі: А.Б Амангелдиева

## 10 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



25.04.22ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне орай "Қазақстан Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі,

Әнұранымен айбатты" тақырыбында 105М-9/21 топ студенттерімен тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: студенттерді Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Топ жетекшісі: Турсынбаева Р.К.



28.04.2022ж. 1 Мамыр-Қазақстан халықтарының Бірлік және Ынтымақ күніне орай №2 арнайы пәндер ЦӘК оқытушыларының және оқытушы Б.Б.Блейменованың ұйымдастыруымен

"Мейіргер ісі" бөлімі, 202, 205 топ студенттерімен "Ынтымағы жарасқан Елім менің"-тақырыбында колледжішілік ашық-тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Қазақстанда мекендейтін барлық ұлт өкілдерінің салт-дәстүрі мен мәдениетінің сақтала келе, осы ұлт өкілдерінің бір-біріне деген сыйластығы мен ынтымақтастығының берік екендігін, және сондай-ақ Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің тату да, ынтымағы жараса бір ту астында бақытты өмір сүруін көрсету болып табылды. Іс-шара барысында студенттер казак, орыс(славян), өзбек, түрік, корей, ұйғыр, грузин(кавказ) ұлттарының салт-дәстүрін, мәдениетімен және ұлттық тағамдарымен таныстырып, әр ұлттың өнерін көрсетті. Қазақстандағы ұлтаралық ынтымақтастықтың берік және биік екендігі дәріптеліп, айқын көрсетілді.



04.05.2022ж. Колледждің тәрбие бөлімі және оқытушы М.Қ. Дидарбекованың ұйымдастыруымен "Мейіргер ісі" бөлімі 207 топ студенттерімен "Алаш Орда және Алаш Орда қозғалысы" тақырыбында тәрбие

сағатын өткізді. Мақсаты: Алаш қозғалысы мен Алаш партиясы туралы студенттерге жалпы мәлімет бере отырып, осы саяси ұйымдардың мәні мен мақсаттарын түсіндіру. Алаш қозғалысы туралы студенттердің бойына нақты пікір және жеке көзқарастарын қалыптастыруға көмектесу, өз көзқарастарын білдіру, өз ойларын түйіндеп айта білу қабілеттерін дамыту.